



“БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№4 15-ауысым 27 қараша 2021 жыл (ауысым сайын)

Балалар мен жасөспірімдер журналы

**«Жетістік формуласы»
мамандықтар жәрменкесі**





БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,
«Балдәурен» РОСО филиал директоры.

Түркістан облысы, Төлеби ауданы

**«Балдәурен» - бақытты
балалық шақтың мекені!**

«Балдәурен-Шымкент» бұл көңілге тек қуаныш, жүрекке жұбаныш сыйлайтын, балалардың демалысының жақсы өтуіне бар мүмкіндік жасалынған, жаңаша жасақталған орталық. Мұндағы әрбір орталық қызметкерлерінің адал қызметі, еліміздің ертеңі жас ұрпаққа саналы білім беріп, салауатты өмір салтын насихаттап, ұлт болашағын тәрбиелеуде зор ықпалын тигізуде.

Орталықтың басқару құрылымын: «Әкімшілік басқарма бөлімі», «Білім кешені», «Тәрбие кешені», «Медицина бөлімі», «Асхана бөлімі», «Өндірістік шаруашылық бөлімі», және «Қауіпсіздік бөлімі» құрайды. Әр бөлімнің өзіндік орны ерекше.

- Тәрбие кешені – балалар үшін ауысым жоспарын жасап, демалыстың жақсы өтуін қамтамасыз ететін орталықтың негізгі құрылымдық кешенінің бірі;
- Білім кешені – оқушылардың білімі мен біліктілігін арттыратын, дұрыс бағыт-бағдар беретін, барша адамзат дамуының шамшырағы.
- Асхана кешені – балаларды күнделікті 5 мезгіл дәмді аспен қамтамасыз етіп, күні бойына жақсы көңіл-күйде болуына септігін тигізеді.
- Медицина кешені – «Кемелді келешектің көркеюі – салауатты өмір салтын сақтаудан басталады» дегендей балалардың денсаулығының мықты болуы үшін аянбай еңбек етіп, ем-шараларын жүргізуде.
- Шаруашылық бөлімі – арман аралының тазалық жаршылары. Екі мезгіл бөлме тазалығымен бірге балалардың киімдерін жуып отырады.
- Қауіпсіздік бөлімі – балалар мен орталық қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тәулік бойына мүлтіксіз қызмет атқарып келеді.

Қазіргі таңда орталығымыз жаңа игі бастамалармен жұмыс жасап, күннен-күнге гүлденіп келеді.

«Сәлем, Балдәурен» бекет бойынша ойыны



«Сәлем Балдәурен!» бекет бойынша ойыны. Орталыққа келген балаларды ішкі тәртіппен, өзінің өзгермес заңдарымен, қатаң қағидаларымен таныстыру мақсатында ойын түрінде ұйымдастырылады. Ұйымдастырушы-ұстаздар түрлі бекеттерге бөлініп, әр топты кезек-кезегімен қарсы алып, өзінің қызықты тапсырмаларын қойып, өз бекетінің қағидаларымен таныстырады.



«Балдәурен аралы» танысу кеші



Жан-жақтан келген оқушыларды достастыру мақсатында әр ауысым басында танысу кеші болып өтеді. Кеш барысында орталықтың қатаң қағидалары мен өзгермес заңдары айтылып, оқушыларға орталықты толығымен таныстырады. Бір топқа бөлінген балалар бір үйдің баласы сияқты болуы үшін ұйымдастырушы-ұстазы аянбай еңбек етеді.

«Балдәурен аралы» танысу кешіміз қызықты болып өтті. Оқушылар мен ұйымдастырушы-ұстаздар арасында ойындар ұйымдастырылды. Ерекше жанрда ұйымдастырылған танысу кеші бәріне бірдей ұнады деген ойдамыз.



«Шебер қолдар» қызығушылық үйірмелер презентациясы



Бүгін орталыққа келген балаларды үйірмелермен таныстыру мақсатында «Шебер қолдар» үйірмелер презентациясы болды. Әр үйірме жетекшілері өз үйірмесінің мақсатымен таныстырып, Балдәурендік жас достарымызды өз үйірмелеріне шақырды. Жалпы 15-ауысым барысында бірнеше қызықты үйірмелер жұмыс атқарады. Орталыққа келген бала өз бойындағы қабілетіне байланысты өзі қатысатын үйірмесін өзі таңдауына құқылы.

Үйірмелер 11:00 мен 12:00 аралығында өтеді. «Шебер қолдар», «Қолөнер», «Домбыра», «Гобелен», «Сиқырлы қалам», «Жайдарман», «Үстел үсті ойындары», «Инструктор», «Гимнастика», «Футбол» және т.б үйірмелер. Аталмыш үйірмелер барысында балаларға қызықты әрі құнды мағлұматтар беріліп, жан-жақты дамуына көмектеседі. Үйірмелер баланың демалысының жемісті өтуінің бір бөлшегі. Әр бала өзі қатысқан үйірмелерінің қорытынды сабағында сертификаттармен марапатталады.



«Сенім» ұйымының үміткерлерімен танысу

Орталықта дәстүрге айналған негізгі іс-шараның бірі – «Өзін өзі басқару» «Сенім» ұйымының үміткерлерімен танысу кеші. Жалпы топтар арасынан ең үздік, ең білімді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары оқушыларымыз іріктеліп, топ болып жарысқа түседі. Осы ауысым барысындағы тематикалық күннің қызықты өткізудің тиімді жолдарын ұсынып, өзінің ұйымдастырушы-ұстаздарының көмекшісі бола алатын оқушыларымыз әділ-қазы алқаларына өз кандидаттығын ұсынды. Жалпы 8 топтан төмендегі оқушыларымыз қатысты. Таныстырылымнан кейін орталық демалушыларына бір күн уақыт берілді. Ауысымның президентін таңдауда әр топ өзінің кандидатын таңдай алмайды. 2021 жылдың 15-ауысымының «Сенім» ұйымының президенті болып кімнің сайланғанын ауысымның ашылу салтанатында білетін боламыз.



«Жетістік формуласы» топ визиткасын қорғау кеші



Орталыққа келген балалардың топ болып ең алғаш өткізілетін, топтың атын шығаратын ең маңызды іс-шарасының бірі – топ визиткасын қорғау кеші. 8 топ ауысым тақырыбына сай ерекше киім үлгілерін тандап, қызықты топтың атын, ұранын, санамағын айтып өзара сынға түсті. Барлық визитка қорғау кешіне қатысқан топтардың барынша зор дайындықпен келгені көрініп тұр. Әділ-қазы алқаларының шешімімен 2021 жылдың 15-ауысымының визитка қорғау кешінің жеңімпазы - біркелкі үлгіде тандалған киім үлгісі, топтың аты, ұраны, санамағы мен әні ерекше болып тандалған

топтың ұйымшылдығы мен татулығын көрсеткен 2-топ «Ең үздік топ» номинациясын жеңіп алды.



«Кел, балалар, оқылық» мектеп презентациясы



Бүгін орталығымызда 15-ауысымының мектеп презентациясы болып өтті. Оқушылар ұстаздармен таныстырылып, сыныптарға бөлінді. Осы ауысым барысында көптеген іс-шаралар өткізіп, қызықты сабақтар, әртүрлі зияткерлік ойындар, керемет әдеби-сазды кештер өткізіледі. Бұл іс-шараларда балалар өздерінің жақсы қырларымен көрсете алады. Оқушылардың білімі мен біліктілігін арттыратын, дұрыс бағыт-бағдар беретін ұтымды ауысым тілейміз!



Балдәурен - балалық шақтың мекені,
Балдәурен - қызықты өмірдің кешені.
Балдәурен - достықтың ордасы,
Балдәурен - бақыттың ортасы, - арман
аралына қош келдің жас достар!

2021 жылдың 15 ауысымының ашылу салтанаты



«Жетістік формуласы» мамандықтар жәрменкесі 15 ауысымның ашылу салтанаты жоғары деңгейде болып өтті.

Ауысымның мақсаты: оқушылардың болашақта дұрыс мамандық таңдай білуіне бағыт бағдар беріп, ұлтжанды, елін, жерін сүйге тәрбиелеу.

Жан-жақтан келген жас бүлдіршіндеріміз орталықты енді ғана танып, өз ортасына биімделіп, топпен жұмыс жүргізуді үйренуде. 260 баланың ішінен өзінің ұйымдастырушылық қабілеті бойынша озып шыққан 5-топ демалушысы Батырхан Еркемай 37,5 % жинап, ауысым

президенті болып тағайындалды. 20 күн бойы оқушылардың демалыстарының қызықты өтуіне топ тәрбиешілері мен бірге жұмыла ат салысарына сеніміміз мол. Барлық Балдәурендіктерді нағыз – «Балдәурендіктер» болғанымен құттықтаймыз!



«Халық қаһарманы» Р.Қошқарбаевқа арналған салтанатты жиын

Ұлы Отан соғысында Рейхстагқа ту тіккен қазақ батыры Рахымжан Қошқарбаевтің ерлігімен жас достарымыз танысты. Рахымжанның тіккен туының көшірмесі орталығымызға мамыр айында алып келінген болатын. Ауысым сайын сол туды таныстырып, оқушылардың бойына ерлік, ұлтжандылық, елін, жерін сүюді насихаттап келеміз. Әр бала өзінің тарихын білуге міндетті. Ұлтжанды патриот ұрпақты тәрбиелеу, жерді, отанды сүюге ынталандыру баршамызға міндет.



«The young stars» шығармашылық байқауы

Өнер өздігінен шарықтап, дамымайтыны белгілі. Енді ғана қалыптасып келе жатқан баланың бойындағы талантын, шығармашылын аша білу де оңай емес. Оған қашан да қолдау көрсету керек. Баланың мінез-құлқына сай оның әртүрлі қабілеті де болады. Дұрыс бағыт-бағдар беріп, баланың шабытына-шабыт қосу ұстаздың еңбегі. Бүгінгі байқау кешіміз де әр баланың жеке қабілетін анықтауға, өздеріне деген сенімділіктерінің күшеюіне арналады.

Балалар өз қабілетіне байланысты топтарға топтастырылып, түрлі шығармашылықтар бойынша сынға түсті. Суретші болып - сурет салды, Ақын болып - өлең оқыды. Биші болып - би билеп, күйші болып - күй шертті. Кеш өте қызықты, көңілді болып өтті.



«Мамандық – өмір таңдауы» тәрбие сағаты

Мамандық таңдау-жасөспірім жастағы ең маңызды шешімдердің бірі. Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан біреуін таңдау міндеті тұрады. Мамандық таңдауда Жүсіпбек Аймауытовтың «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» - деген сөзін басшылыққа алу керек. Кейбір жастар мамандық таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдайды. Осыдан өз мамандығына қанағаттанбаушылық, реніш сезімдері болып, тіпті алдарына жоспар да құрғысы келмейді. Жеке өмірге қадам басқан әрбір жас үшін мамандық таңдау мәселесі ең маңызды кезең болып табылады.

Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, өзін-өзі тану аймағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп сол бағытқа бағыттау мақсатында ұйымдастырылған тәрбие сағаты оқушыларымызға болашақ өмірлерінде маңызды шешім қабылдауда адаспай, дұрыс таңдау жасай білулеріне зор ықпалын тигізді деген ойдамыз. Еліміздің ертеңі болар жастарымызға саналы тәрбие, сапалы білім беру баршамызға міндет!



«Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші



Орталықтың тағы бір дәстүрге айналған көңілді кешінің бірі – «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші. Кеш әр баланың өз ұйымдастырушы-ұстаздарының жаңа бір қырынан тануына көмектеседі. Жастар қызықты қойылым қойып балаларға ерекше көңіл-күй сыйлайды. Балалармен бірге ән айтып, билеп өздерінің бар өнерлерін

ортаға салады. Ұйымдастырушы-ұстаз болуың үшін қолыңан бәрі келетін әмбебап тұлға болуың қажет. Тобындағы әр бала өз тәрбиешісіне карап бой түзейді.



«Turstar» жаяу туризм



Туризм - бұл қоғамның белгілі бір санатының өмір салты, тұлғаның рухани және физикалық дамуының тиімді құралы, отанға деген сүйіспеншілікті және табиғатқа деген нәзік қарым-қатынас тәрбиесі, халықтар мен ұлттар арасындағы өзара сыйластық пен түсіністік болып табылады.

Спорттық-сауықтыру туризмі - дара және элеуметтік бағыты бар сала, қоғамның белгілі бір бөлігінің өмір салты; тұлғаның рухани және физикалық дамуындағы, табиғатқа деген нәзік сезіміндегі, халықтар мен ұлттар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықтың тиімді құралы.

Туризмнің белсенді түрлеріне жаяу, шаңғы, тау, су, велосипед және бағыттың бойында құрамдасқан туристік саяхаттардың басқада түрлері жатады. Орталығымызда ұйымдастырылған «TurStar» жаяу туризм өтте жоғары деңгейде өтті. Туризмнің мақсаты оқушылар тауға шыққанда шатыр тігуді, от жағуды, арқан байлауды, шәй қайнатуды, от жағуды және т.б қажетті заттарды үйренді.



«Мамандықты дұрыс таңдай білейік» психологиялық тренинг



Психолог мамандардың айтуынша, кез келген жеке тұлға өзі шұғылданғысы келген мамандықты армандағаннан гөрі алға өмірлік мақсат ретінде қойып жоспар құра білгені жөн. Мамандық таңдауда әркім өзінің көңіл калауына ерік беруі керек. Алайда мамандықтың түрі көбейген сайын оны таңдау да қиынға соғатыны тағы бар. Әлемде 50 мыңға жуық мамандық

бар екен және жыл сайын оған 500-ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін таңдап алу үшін бізге икем, қабілет және мінез қажет. Сондай-ақ енді-енді өзін тұлға ретінде сезіне бастаған адамға қоғамның өз заманына сай ұсынатын қызметтері бар. Міне адамның мамандыққа, мамандықтың адамға сай болуы, қоғамның сұранысы, тұлғаның қабілеті, осы үш фактор мамандық таңдауда бірін-бірі толықтырады.



«Білім биржасы» зияткерлік сайысы

*Бәйгеге түсіп жарыспай
Жүйріктің бағзы жанар ма?
Білім мен өнер жарысып,
Тәрбие, тәлім табар мән.
Бұл бәйге ойдың бәйгесі
Кім жүйрік ойға, сол алда.*

Оқушылар «Жастар» тобымен бірге тапқырлықтарымен сынға түсті. Оқушылардың ойлау



қабілетін, ой-ұшқырлығын арттыра отырып, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, жинақы болуға, және білім алуға деген құштарлықтарын ашып, өзгенің ойын тыңдап, сыйлау дағдыларын қалыптастыру үшін таптырмас ойын түрі. Ойын тартысқа толы болды. Әр топ өзінің ұйымшылдығын, тапқырлығын көрсете білді.



«Менің болашақ мамандығым» қабырға газеті



Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт.

Бүгін орталығымызда «Менің болашақ мамандығым» атты қабырға газеті байқауы болып өтті. Әр топ өзіне ұнаған мамандықтар жайында суреттер салды. Ең үздік, ең әдемі салынған суретті анықтап, кешкі дискофестада марапаттайтын боламыз.



«Мамандығым мақтанышым!» мамандықтар жәрменкесі көріністер байқауы

Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Өмірде тек екі нәрседен қателеспеу керек. Оның бірі жар таңдаудан болса, екіншісі мамандық таңдаудан. Бұлай айтылудың себебі сенің таңдаған мамандығың сенің болашағың.

Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екен. Мамандық таңдау – өте жауапкершілікті және маңызды іс.



«Мамандығым мақтанышым!» мамандықтар жәрменкесі көріністер байқауы ұйымдастырылып, әр топ өзіне жеребе тастау арқылы түрлі мамандықтарды бөліп алып, сол мамандықтың қыр-сырын, оның өмірде маңыздылығын, ерекшелігін көріністер қою арқылы көрсете білді. Бірі құрылысшы, бірі дәрігер, енді бірі мұғалім болып көңілді сахналық қойылым қойды. Керемет көрініс көрсетіп, мамандықтың мақтанышын аша білген тобымыз анықталып марапатталды.

«Ұшқыр ой баспалдағы» танымдық ойын

Орталығымызда ауысым сайын оқушылардың ынтасын, ақыл-ойын кеңейтіп, шапшаңдыққа, ептілікке бағыттайтын түрлі танымдық, зияткерлік ойындар ұйымдастырылады. Ойын арқылы баланың топпен жұмыс жасауы, бірін-бірі тыңдап, пікіріне құрметпен қарауды үйренеді. Сол ойындарымыздың бірі "Ұшқыр ой баспалдағы" танымдық ойыны. Жалпы ойынға үш команда қатысты. Ойын 4 кезеңнен тұрды.

- 1) Қызык екен
- 2) Суреттер шырқайды
- 3) Кино әлеміне саяхат
- 4) Не дейсің?

Ойы жүйрік, шапшаң жауап берген жеңімпаз тобымыз анықталып, марапатталды.



«Ақ тілектер арнаймыз!» туған күн кеші



Туған күн - әр баланың асыға күтетін ең ерекше мерекесінің бірі. Жылына бір келетін бұл күнді бала асыға күтеді. Түрлі сыйлықтар, ерекше құттықтаулар бәрі-бәрі осынау төл мереке иелеріне арналады.

Құрметті осы ауысым барысындағы туған күн иелері. Сендер сондай бақытты жансыңдар. Себебі, туған күндеріңді 260 бала мен осы орталықта тойлағалы отырсыңдар. Барлық туған күн иелерін шын жүректен құттықтаймыз. Оқуда озат болып, елдің бетке тұтар азаматы болындар дегіміз келеді.

Дәстүрге айналған бұл іс-шара ерекше көңіл-күйге толы болды. Ән айтылып, би биленді. Ұйымдастырушы ұстаздарымыз керемет қойылым қойып

балаларды қуантты. Туған күн иелерімен бірге ойындар ойналып, сыйлықтар сыйланды. Тәтті торт дайындалып, туған күн иелеріне ұсынылды.



«Қазақстан – бірліктің бастамасы. Түркістан – түркілердің астанасы» концерттік бағдарлама



Түркістан тәуелсіздікке дейін де біздің рухани астанамыз деп аталып келді. Түркі әлемінің талбесігі, тірегі болатындай міндет арқалаған Түркістан өз халінше дамыды, мәдени, сауда орталығына айналып, өсті, халқының саны да артты. Ендігі жерде оның рухани, экономикалық әлеуетін одан әрі өрістету үшін өз алдына облыс орталығы етіп құрынын жатқанын өте батыл әрі маңызды қадам.

Балаларға туған жерінің тарихын тереңнен

түсіндіріп, өскелең ұрпақтың санасына сіндіру мақсатында өлкемен танысу кеші болып өтті. Облыс орталығына айналған Түркістан қаласы жайлы көптеген құнды мағлұматтар беріліп, оқушылардың таным түсінігі артты. Сахналық қойылым көрсетілді.



«Champion» СМ ойындары



Спорттық ойындар адамның ептілігі мен жылдамдығын, төзімділігі мен шапшаңдығын арттырады. Салауатты өмір салтын насихаттайды. Орталықтың дәстүрге айналған негізгі іс-шараларының бірі «Champion» СМ ойындары. Балалар жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлініп өзара

жекелей және топтық біріншіліктер бойынша жарысқа түседі. Қатысушылар белсенді және жігерлі болды. Топпен бірге арқан тартып, ләңгі теуіп, дойбы, тоғызқұмалақ ойнады. Спорттық және ашық ойындар белсенді демалыстың жақсы құралы болып табылады. Екі күнге созылған «Champion» СМ ойындары барысында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанғандар марапатталды. Жеңіс құтты болсын, Балдәурендіктер!



«Sport time» спорттық-зияткерлік ойын



Оқушыларымыздың спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын ұстанып, дені сау болып жетілдіру, спорт тарихын тереңінен зерттеу мақсатында ұйымдастырылған «Кім мықты» зияткерлік сайысы өте жоғары деңгейде болып өтті. Сайысымызға әр топтан бір-бір спортқа жақын оқушыларымыз қатысты. Ойын 3 кезеңнен тұрды. 1 кезең «Ширату», 2 кезең «Биатлон», 3 кезең «Супер ойын». Әр кезеңде спортқа байланысты сұрақтар қойылып отырды. Дұрыс жауап

берген оқушыға 10 балл қойылды, жауап бере алмай қалған оқушы әр кезеңде ойыннан шектетіліп отырды. Екі кезең қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған 3 оқушы «Супер ойынға» қатысты. Ойын жеңімпазы анықталды.



«Cowboy» show



Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, балалар бойындағы шығармашылық қабілеттері мен адамгершілік қасиеттерін дамытып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, оқушы бойына музыкалық тәрбие қалыптастыру, жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Ковбой шоу» топ аралық сайыс ұйымдастырылды.

Сайысымыздың басты шарты әр топтан қатысатын ойыншының міндетті түрде «Ковбой» киімін киюі, яғни шляпа, жилетка және мойынға тағатын косынка. Сайысымыз жалпы 6 бөлімнен тұрды. «Мен енді ковбоймын», «Қалпақты ковбой», «Мерген ковбой» (пластикалық ыдысын

бильярд шарымен құлату), «Ранчоны суғару», «Көңілді орағыштар», «Ковбой биі». Жалпы сайыс бойынша ең үздік балл жинаған Ковбой, «Ковбой» шоу сайысымыздың жеңімпазы атанды.



«Мен жастарға сенемін!» жастар ресурстық орталығымен кездесу



Бүгін орталығымызға Төлеби аудандық «жастар ресурстық орталығы» КММ-нің маманы Байсариев Ердос Ермекұлы мен «Серпін» бағдарламасының түлегі Сапархан Бақдаулет келіп Мемлекеттік бағдарлама бойынша «серпін» бағдарламасымен оқу орнына түсу жайлы

балалармен сұқбат-әңгіме өткізді. «Серпін» бағдарламасы бойынша кеңінен түсіндірмелер жүргізіп, оқушыларымыздың ойында жүрген бірнеше маңызды сұрақтарға жауап берді. Болашақтың іргесі біз - жастардың қолында, жасампаз, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті ұрпақ болу үшін, аянбай еңбек етіп, уақытты босқа өткізбей, жақсы тәрбие мен сапалы білім алуымыз қажет. Ы чвы я ч



«Жасасын жастар!» концерттік бағдарлама

Ерекше көңілді кеш, ерекше безенген сахна, өзгеше қойылған көрініс, бәрі - бәрі бүгінгі кештің қызығы. "Сенім" ұйымының концерттік бағдарламасы өте қызықты болып өтті. 15 ауысыммен тұспа-тұс келген "Жастар" педагогикалық тобының туылған күніне орай оқушыларымыз өз ұйымдастырушы-ұстазына ерекше сыйлық жасап, бар өнерлерін көрсетті.

«Жастар» педагогикалық тобы - орталығымыздың жүрегі деуге де болады. Уақытша құрылған балалар бірлестігімен тығыз байланыста болып, оқушыларға психологиялық ахуал мен жағымды жағдай жасап, олардың шығармашылық қабілетін дамытып, өмірдің негізгі құндылықтарын: адамгершілік, мейрімділік, жауапкершілік, патриоттық сезімдерін нығайтып, жеке тұлға болып қалыптасуларына жағдай жасауда. Балалардың сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді пайдалануға жұмсайды.



Құрметті «Жастар» педагогикалық тобы!

Ел ертеңі болар жас ұрпақты тәрбиелеуде қанаттарыңыз талмай, аянбай еңбек етіп, жаңа жетістіктер мен сенімді достық, отбасыларыңызға амандық тілейміз. Ата-аналарыңыздың абыройлы перзенті, еліміздің нағыз азаматы болыңыздар. Алар асуларыңыз бен, жетер жетістіктеріңіз көп болсын!

2021 жылдың 15-ауысымының салтанатты түрде жабылуы



Кез-келген істің бастауы болғандай оның аяқталуы да болады. Міне, 20 күн бойы жалғасын тапқан демалысымыз сәтті аяқталды. Көңілді кештер, түрлі танымдық, зияткерлік ойындар ұйымдастырылды. Ауысым тақырыбына сай іс-шаралар ұйымдастырылды. Ауысым барысында өзін жақсы көрсеткішпен көрсете білген оқушыларымыз анықталып, марапатталды.

Үйірме қорытындылары бойынша оқушылар сертификаттармен марапатталды. Жас патриоттардың қатары толықты. Орталық басшысы оқушыларға сәт-сапар тілеп, өзінің жылы лебіз арнады.

Құрметті Балдәурендік атанған оқушылар! Әрине өздеріндей өнерлі балалармен қимастықпен қоштасамыз. Сіздер үшін арман аралына айналған – Балдәуреннің есігі әрдайым ашық. Балдәуреннің төрінде сіздерді қашанда күтеміз. Оқушыларға тек қана сәттілік тілейміз! Алар асулары мен жетер жетістіктері көп болсын!



«Арман аралы - Балдәурен» гала-концерті



Ауысым барысындағы қызыққа толы сәттер, көңілді диско-фиеста, түрлі іс-шаралар мен тартысқа толы жарыстар бәрі-бәрі соңына таяды. Қайта келмес күндер ай десеңші. Қоштасу сәті өмірдегі ең қиын сәттердің бірі. Орталыққа келген әр баланың жүрегінде отбасына деген сағыныш тұрса, қимас достар мен өз ұйымдастырушы-ұстаздарына деген қимастық сезімі де қатар тұрады.

Ендеше соңғы қоштасу кешімізде бақыттың ордасы болған - Балдәуренге айтар алғысымыз шексіз!

—Қош бол Балдәурен, қайта айналып келгенше!

Қоштасып кетеміз біз әр тарапқа,

Мүмкін бұл соңғы жүздесу болмақ па?

Алайда бұл күндерді біз ұмытпаймыз,

Өзінде өткен естеліктерді жүректе құлыптаймыз.





Бас редактор: Ерназарова Айнұр Шүкірқызы





baldauren

Мекен-жайы:

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй*

Телефон: 8 (771) 805 05 50

E-mail & baldauren_2@inbox.ru